

***ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП,  
МҰҒАЛІМНІҢ ЭТИКАСЫ ЖӘНЕ  
МӘДЕНИЕТІ***

**Батыр Айдана**

*ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП*

*ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ШЕБЕРЛІК*

*ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ТЕХНИКА*

ПЕДАГОГТАР ҚОЛДАНУҒА ТИІСТІ НҰСҚАУЛАР

***МУҒАЛИМ МӘДЕНИЕТІ МЕН ШЕБЕРЛІГІН  
АНЫҚТАЙТЫН БЕЛГІЛЕР:***

***Сыртқы келбет мәдениеті***

***Өзін-өзі басқару шеберлігі***

***Мимика және понтомимика  
ишараларының мәнерлі негіздері***

***Сөйлеу шеберлігі, шешендік  
қасиеті, дауыс дикциясы,  
интонациясы.***

## ***Сыртқы келбет мәдениеті***

### ***Тұлғасы:***

- а) тік;*
- ә) тік және еркін отыру;*
- б) ұқыптылық, жинақылық;*

### ***Киім киісі:***

- а) ұқыптылық;*
- ә) қарапайымдылық;*
- б) түстік гармония (өзіне жарасымды түстен киім кию);*
- в) киімнің жас шамасына, сабаққа және жұмысқа сәйкестігі;*
- г) сән үлгілеріне сәйкес;*
- ғ) сәндік (алқа, моншақ, сақина) дұрыс пайдалану.*

### ***Гримм (баяну).***

### ***Шаш үлгісі (ұқыпты, жинақы).***

## ***Мимика***

- а) өзіне -өзі сенімділік, сабырлылық;*
- ә) сөйлескендігі көзқарасыңыздың әңгімелесушіге бағытталуы;*
- б) эмоциялық мәнерлік;*
- в) бет әлпетінің айтар ойға сәйкестігі;*

## ***Понтомимика***

- а) жест (табиғилығы);*
- ә) жүрістің ритмикасы, жеңіл, айқын болуы;*
- б) қозғалыс (еркін);*
- в) қозғалыста селқостықты болдырмау, әр уақытта сергек тұру;*
- г) шусыз отырып, тұру;*

## МҰҒАЛІМНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар өзіне тән формалардың сақталуы болып табылады.*

*Ал ең бастысы алдында отырған 30 баланы айтып жатқанына сендіре білу, көңіл күйін айтқызбай-ақ түсіну, дер кезінде көмек көрсету, бұл қасиеттер мұғалім үшін аса маңызды дүние.*

*Бұл нормада сөйлеу үлгісіндегі сөздерді дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібін айтады. Шебер мұғалім үшін ең бастысы ол кіммен болса да тіл табыса алуы, үйде, достарының қасында, ұжымда болсын жағымды атмосфера тудыра біледі.*

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКА**

*Педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын  
ікемділіктер кешені*

- \* Столдың артында тұрып сабақ түсіндіруге болмайды;*
- \* Отырып сабақ түсіндіруге мүлдем болмайды;*
- \* Қол айқастыруға мүлдем болмайды;*
- \* Әр оқушының көзіне қарап сабақ түсіндіру керек;*
- \* Дұрыс және мәнерлі сөйлеу ікемдігі (сөйлеу мәдениеті,  
оның эмоционалдық мінездемесі);*
- \* Жест және мимика, пантомимиканы дұрыс қолдана білу;*
- \* Өзінің психикалық жағдайын-сезімдерін, көңіл-күйін  
басқара алу ікемдігі;*
- \* Өзін-өзі сырттай көре алу ікемдігі;*

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕПТІҢ БЕЛГІЕРІ:**

**1. Ілтипаттылық.** Әдетте оқушылар өздері жақсы көретін мұғалімдер оларға дауыс көтеріп сөйлесе де көңілдеріне ауыр алып қалады. Дауыс көтеру, жазықсыз жазғыру, әділ қойылмаған баға ғана емес, мұғалімдер көзге ілмей, өтініштерін құлықсыз, жүрдім–бардым тыңдаса да, ең болмағанда қастарына жақындап көңіл аудармаса да, ренжіп қалады.

**2. Сенім.** А. С. Макаренконың пайымдауынша; қателесу қаупі төніп тұрса да мұғалім оқуда болсын, тәлім-тәрбие жұмысында болсын оқушыларға өзінің батыл-батыл ойларымен ықпал жасауы қажет. Балалар өздерінің күштері мен мүмкіндіктерін толық шамалай алмайды. Олар ересектердің бағасына, әсіресе өздерінен де артық сенетін мұғалімнің бағасына сүйенеді.

**3. Әділдік.** Мұғалімнің қандай қасиеттерін бағалайсыз деген сауалға оқушылар көбіне көп: "әділдігін" деп жауап қайтарады. Егер мұғалім әділ болғанның үстіне әдебі мол, көңілді, жайдары болса, мектепте одан беделді адам болмайтыны түсінікті.



*Мұғалімге «әділетсіз» деген ат оның тек әділетсіз болғандығын ғана емес, сонымен қатар оқушылармен жұмыс барысында әдеп сақталмауынан да таңылуы мүмкін. Мұғалім оқушыларға тек қана әділ қарап қоймай, соған қоса өз ісінің дұрыстығына иландыра білуі керек.*

*Мұғалім ар-ұяты кіршіксіз болса, оқушылар оның кез келген қатесін кешіреді. Керісінше мұғалім әділетсіздік жасап, жалған мінез көрсетсе, оқушылардың көңілдері қалып, араларының салқындауы осыдан басталады.*

*4. Төзім мен сабыр сақтау. Мұғалімнің педагогтік әдеп әлемі үшін бұл қасиеттердің маңызы үлкен, тіпті көп жағдайда шешуші мәні бар. Бұл, әрине, өртеніп жатсын, күйіп жатсын, мұғалім еш нәрсеге ашуланбауы тиіс деген сөз емес. Ондай жағдайларда оған өзін ақылға жеңдірмей болмайды. Ашу үстінде ешқандай шешім қабылдамау керек. Сабырлылық, өзін-өзі ұстай білушілік сияқты қасиеттер ұстаздың белсенді құрамы болуы тиіс.*

***Қай кезең, қай дәуірде болсын адамға білім мен тәрбие беруден асқан мұрат жоқ. Ұстаз – ұрпақ тәрбиелеп өсіруші, қоғам сенген адам. Ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол.***

## *Мұғалімдердің қызметінде кездесетін дидактикалық қиындықтардың көбірек орын алатындары мыналар:*

- Дарынды балалар мен үлгермейтін оқушылар мен жекелеп жұмыс істеудегі қиыншылықтар*
- Оқушылардың оқу әрекетін, дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтар*
- оқыту процесінде оқушылардың танымдық әрекетін, логикалық ойлау қабілетін қалыптастырудағы қиындықтар*

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАКТИКА** педагогикалық әдепке әрбір нақты жағдайда оқушыларға әсер етудің тиімді құралы.

**Барлық жағдайда, барлық педагогтар қолдана алатын нұсқаулар:**

- \*
  - Адамдық қадір-қасиетті құрметтеу. (оқушының сөзбен де, көзбен де оның қадір-қасиетін қорламау, керісінше оларды сүйемелдеу, көтермелеу, дамыту);
- \*
  - Ықпал жасау шамасы. (ол шамалап кінәлайды, шамалап мақтайды; Кейісті тоқтатады, әзілді тежейді, әр сөзді қашан айтады дөп басып біледі).
- \*
  - Шешімге келу. ( Ең жақсы шешім – байсалды шешім; Ашу –нашар кеңесші).
- \*
  - Көңіл қалдырмау. (көңіл қалдыру мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық кедергі).

- \*
- Оқушымен жеке әңгімелесу кезіндегі мінез-құлық. (оқушымен жеке сөйлесу–мұғалім шеберлігінің көрсеткіші, ондай әңгімеге сабақтан кем дайындалмау керек)
- \*
- Білімді бағалау. (жақсы баға –объективті (оқушылар сөзімен айтқанда-әділ) баға.
  -
- \*
- Көңіл-күйі. (Егер көңіл күйіңіз нашар болса, оны табалдырықтан тыс қалдырыңыз. Оқушылар алдында мұғалім қалай болғанда да тек қана жайдары, қайратты және көңілі көтеріңкі болуы тиіс. Педагогтық кәсіп сыры осында.
- \*
- Әзіл. Тапқыр сөз. (өзі әзілді сүйетін, тапқыр сөзді мұғаліммен оқушылар ықыласты араласады, тіпті оның қателіктерін де кешіреді).

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК** – тек қана мұғалімнің жалпы, жан – жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушылырға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы.

**Ұстаздық шеберлік:**

- Мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі;
- Пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі;
- Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс–тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады.

*Педагогикалық этиканың маңыздылығын сонау ғасырларда білген Әл-Фараби: «Нағыз тәрбиеші ұстаз бойында он екі тума қасиет болу керек» деп, педагогикалық әдептің қыр-сырына тоқталып кеткен:*

- \* Өнер білімге құштар;*
- \* Мүшелері мүлдем мінсіз;*
- \* Жаратылысынан өзіне айтқанның бәрін жете түсінетін;*
- \* Өзі естіген, көрген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын алғыр да аңғарымпаз;*
- \* Өткір сөз иесі және ойына түйгенінің бәрін анық бере алатын;*
- \* Тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағатшыл;*
- \* Жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын;*
- \* Жаратылысынан игі істерге ынтызар;*
- \* Әділеттілігі мен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін;*
- \* Жақындарына да, жат адамдарға да әділ, насық адамдарға мүлдем рақымсыз,*
- \* Қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек;*
- \* Бойына туа біткен 12 қасиетке ие болатын, бұларды бір-бірімен сәтті ұштастыратын адам нағыз ұстаз;*



*Оқушы жастардың ең сенімді  
ұстазы, сыр жасырмай ашық  
айтатын адамы – мұғалім.*

*Ғабит Мүсірепов*



*Мен өзімнің ұстазыма әкемнен  
кем қарыздар емеспін: әкемнен  
өмір алсам, ал Аристотельден  
өмірімді жақсы өткізу туралы  
білім алдым.*

*Александр Македонский*





*Егер мұғалім өз бойына іс пен  
шәкірттеріне деген  
сүйіспеншілікті біріктірген  
болса, ол – кемел ұстаз.*

*К. Д. Ушинский*



*Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым - шытырығы мол жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер - ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады.*

*В. А. Сухомлинский*

*Жан-Жак Руссоның «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, басқаның бақытын аялау» деген нақыл сөзі жанымға өте жақын. Ұстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Шәкірті өзінен озған ұстаз – еңбегі ақталған ұстаз. Өйткені, өмірдің заңы даму, ілгерілеу, озу. Өзінен озған шәкірт тәрбиелейтін шебер ұстаз үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, шығармашыл, өзін-өзі дамытып, жетілдіре алатын болуы қажет деп ойлаймын. Мен ұстаздықтың ауыр жүгін арқалауды өз жүрегімнің қалауымен таңдадым. Маман ұстаз ретіндегі негізгі ұстанымым: баланы тұлға деп тану, оның пікірімен санасу, оқушының кішкентай қуанышын, табысын бағалай білу.*

*Шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің куәсі болуы керек. Сонымен бірге жаныңды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші - білім беру саласы мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер меңгерген, сол кәсіптің ыстығы мен суығын өзі де басынан кешірген адам нағыз ұстаздар, шынайы бапкерлер осындай қасиеті бар жандардан шығады. Сыпайы әдебімен, тұнық мінезімен, терең білімділігімен көпке жақын адам.*